

Дәрменсіз мемлекеттік кәсіпорындарды қаржылық-экономикалық тұрғыда сауықтыру, қайта құру және тарату шараларын жүзеге асыру туралы

Күшін жойған

Қазақстан Республикасы Министрлер Кабинетінің Қаулысы 1994 жылғы 7 қыркүйек N 1002. Қаулының күші жойылды - ҚР Үкіметінің 2005 жылғы 27 шілдедегі N 781 қаулысымен

Дәрменсіз мемлекеттік кәсіпорындарды санациялау, қайта құру және тарату, оларға қаржылық-экономикалық қолдау көрсету, сондай-ақ мемлекеттік кәсіпорындарға бекітілген мүлікті тиімді пайдалануды қамтамасыз ету мақсатында Қазақстан Республикасының Министрлер Кабинеті қаулы етеді:

1. Қазақстан Республикасындағы дәрменсіз мемлекеттік кәсіпорындарды қаржылық-экономикалық сауықтыру, қайта құру және тарату тетігі туралы қоса беріліп отырған Ереже бекітілсін.

2. Қазақстан Республикасының Қаржы министрлігі Ұлттық Банкпен келісе отырып, 1994 жылдың 20 қыркүйегіне дейін Қазақстан Республикасының Министрлер Кабинетіне Қазақстан Республикасы Министрлер Кабинетінің мына қаулыларының жобасын бекітуге ұсынсын:

Оңалту банкін құру туралы және Оңалту банкі туралы Ережені бекіту жөнiнде :

Құрылымды өзгерту қоры туралы және Құрылымды өзгерту қоры туралы Ережені бекіту жөнiнде .

3. Қазақстан Республикасының Экономика министрлігі: белгіленген тәртіппен 1994 жылдың 20 қыркүйегіне дейін "Тікелей мемлекет басқаруындағы кәсіпорындардың қызметі туралы" Қазақстан Республикасының Президенті Жарлығының жобасын енгізсін;

1994 жылдың 20 қыркүйегіне дейін Қазақстан Республикасының Қаржы министрлігімен, Өнеркәсіп және сауда министрлігімен бірге және министрліктермен, ведомстволармен келісе отырып, тікелей мемлекет басқаруына ауыстыруға ұсынылатын кәсіпорындардың тізбесін ұсынсын;

Қазақстан Республикасының Қаржы министрлігімен бірге министрліктермен және ведомстволармен, облыс әкімдерімен келісе отырып, 1994 жылдың 30 қыркүйегіне дейін Қазақстан Республикасының Дәрменсіз мемлекеттік кәсіпорындарды санациялау және тарату жөніндегі ведомствоаралық комиссиясына төлем қабілеті жоқ мемлекеттік кәсіпорындардың, оның ішінде:

Оңалту банкі ;

Құрылымды өзгерту қоры арқылы
санацияға ұсынылатындарының тізімін берсін;

1994 жылдың 20 қыркүйегіне дейін Қазақстан Республикасының Министрлер Кабинетіне Кәсіпорындарды қаржымен оңалту жөніндегі агенттік құру және кәсіпорындарды қаржымен оңалту жөніндегі агенттік туралы Ережені бекіту жөніндегі Қазақстан Республикасы Министрлер Кабинеті қаулыларының жобаларын бекітуге ұсынатын болсын.

4. Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкіне 1994 жылдың 20 қыркүйегіне дейін коммерциялық банктерде борышкер кәсіпорындарды санациялау жөнінде арнаулы бөлімшелер құру туралы Нұсқау шығару ұсынылсын.

5. Қазақстан Республикасының Мемлекеттік мүлік жөніндегі мемлекеттік
к о м и т е т і :

Қазақстан Республикасының Экономика министрлігімен бірге 1994 жылдың 20 қыркүйегіне дейін Қазақстан Республикасының Дәрменсіз мемлекеттік кәсіпорындарды санациялау және тарату жөніндегі ведомствоаралық комиссиясына таяудағы алты ай ішінде жекешелендірілетіндер тізіміне енгізілген төлем қабілеті жоқ кәсіпорындардың тізбесін ұсынатын болсын;

Қазақстан Республикасының Экономика министрлігімен және Қаржы министрлігімен бірге 1994 жылдың 25 қыркүйегіне дейін Дәрменсіз мемлекеттік кәсіпорындарды санациялау және тарату жөніндегі ведомствоаралық комиссияға бірінші кезекте таратуға ұсынылатын кәсіпорындардың тізімін берсін.

Қ а з а қ с т а н Р е с п у б л и к а с ы н ы ң
П р е м ь е р - м и н и с т р і

Қазақстан Республикасы
Министрлер Кабинетінің
1994 жылғы 7 қыркүйектегі
N 1002 қаулысымен

БЕКІТІЛГЕН

**Қазақстан Республикасындағы дәрменсіз мемлекеттік
кәсіпорындарды қаржылық-экономикалық тұрғыда сауықтыру,
қайта құру және тарату тетігі туралы
ЕРЕЖЕ**

I. Жалпы ережелер

Дәрменсіз мемлекеттік кәсіпорындарды қаржылық-экономикалық тұрғыдан сауықтыру, қайта құру және тарату тетігі (бұдан әрі - тетік) мемлекеттің, оның органдарының және арнайы құрылған құрылымдарының дәрменсіз мемлекеттік кәсіпорындарды тиімді сауықтыру, қайта құру және тарату мақсатында әзірлеген және жүзеге асырған қаржылық-экономикалық,

шаруашылық-ұйымдастырушылық және тағы басқа да шаралар мен процедуралар кешенін қамтиды.

Осы тетік ауыл шаруашылығы мен банк жүйесінен басқа экономиканың барлық саласындағы мемлекеттік кәсіпорындарға, сондай-ақ мемлекеттік тиісті акциялық бақылау пакеті бар акционерлік ұйымдарға қолданылады. Бұл салалардың ерекшелігіне байланысты оларда қайта құру және тарату тетігі үкіметтің жекелеген нормативтік құжаттарымен бақыланады. Ол тетік мынадай принциптерге негізделді:

дәрменсіз кәсіпорындарды қызметтік, қаржылық және басқа белгілері бойынша топтау және оларға әртүрлі қайта құру мен сауықтыру процедураларын қолдану;

әртүрлі үлгідегі дәрменсіз кәсіпорындарды қайта құру үшін арнайы органдар мен құрылымдар құру және оларға мейлінше басым көмек көрсету;

тиімді қайта құру бағыттарын іздестірудегі кәсіпорындардың өз бастамалары арқылы қайта құрылу барысына мемлекет пен оның құрған органдары тарапынан қатаң бақылауды жүзеге асыру;

жүргізілген жұмыстарды қайта құрудың маңызды бағыттарының бірі және түпкі мақсаты дәрменсіз мемлекеттік кәсіпорындарды қайта құру болып табылатын республикадағы жүргізіліп жатқан жекешелендіру бағдарламасына сәйкес болуы;

арнайы құрылымдар құру мен қажетті шараларды жүзеге асыру үшін халықаралық қаржылық-экономикалық ұйымдардың қаржылық және техникалық көмектерін тарту, шетел мамандарының ақыл-кеңес беру және тәжірибелік қызметтерін пайдалану.

II. Төлем қабілеті жоқ кәсіпорындардың тізбесін анықтау

Өзара есеп айырысу жөніндегі республикалық және облыстық комиссиялардың, қаржы және салық органдарының, салалық және аймақтық органдардың ақпараттарының негізінде Қазақстан Республикасының Экономика министрлігі мен Қаржы министрлігінің басқармалары республиканың әртүрлі дәрежеде таза борышкерлігі бар шығынға батқан кәсіпорындарының тізімін жасайды.

Осы тізімнен төлем қабілеті жоқ кәсіпорындардың тізбесі дараланады. Кәсіпорындардың төлем қабілеті жоқтығын анықтау үшін кәсіпорынның баланс құрылымының бағасына негізделетін дәлелдеу жүйесі пайдаланылады.

Кәсіпорындардың баланс құрылымының қанағаттанарлық бағаларының көрсеткіштері мыналар болып табылады:

күнделікті өтімділіктің коэффициенті;

өзіндік қаржылармен қамтамасыз етілу коэффициенті;

төлем қабілеттілігінің қалпына келу (жоғалу) коэффициенті.

Кәсіпорындардың балансына талдау жасау мына негізде жүргізіледі:

кәсіпорын басшылары ұсынған және белгіленген тәртіппен расталған соңғы есеп беру кезеңіндегі баланс, сондай-ақ үстіміздегі айдың бірінші күніндегі баланс (егер бұл баланстың дайындалған күні соңғы есеп беру кезеңінің бітетін күні мен с а й к е л м е с е) .

кәсіпорын басшылары тиісті құжаттарды белгіленген мерзімде өткізбеген жағдайда салық органдары ұсынған кәсіпорынның соңғы кезеңдегі балансы.

белгіленген тәртіппен алынған құжаттардағы ақпарат кәсіпорынның баланс құрылымын қанағаттанарлықсыз деп анықтап, шешім қабылдауға жеткілікті болады.

III. Кәсіпорындардың әртүрлі топтарына қайта құру процедураларын қолданудың жолдары

Төлем қабілеті жоқ кәсіпорындардың тізбесінен қайта құру мен сауықтырудың жекелеген процедуралары қолданылатын кәсіпорындар топтары д а р а л а н а д ы .

А. Стратегиялық маңызға ие және мемлекеттік қызметтер атқаратын кәсіпорындар, соның ішінде коммуналдық қызмет және мемлекеттік көлік ш а р у а ш ы л ы қ т а р ы .

Бұл кәсіпорындар мемлекет меншігінде қалады және таяу арада жекешелендіруге немесе таратуға жатпайды. Бұл кәсіпорындардың белгілі бөлігі тікелей мемлекет басқаруы категориясына өткізілуі мүмкін, ондай жағдайда олардың қызметі бюджеттен қаржыландырылуға тиіс.

Ә. Таяудағы алты айда жекешелендіру тізіміне енген кәсіпорындар.

Мұндай кәсіпорындардың сауықтыру және қайта құру мәселелерімен жекешелендіру нәтижесінде анықталған жаңа меншік иелері шұғылданады.

Б. Сауықтыруға, қайта құруға алғышарттары мен үміттері жоқ және таратуға ж а т а т ы н к ә с і п о р ы н д а р .

Бұл топқа қаржылық және экономикалық жағдайына сауықтыру мен қайта құрудың қандай да бір түрлерінің мүмкін еместігі және тиімсіздігі алдын-ала белгілі болған кәсіпорындар жатады. Мұның өзі жабдықтары ескірген, өндірген өнімдерін өткізетін рынокты жандандыру үміті жоқ, басқа салада жабдықтау және қайта құру шығыны жаңа кәсіпорындар салудан асып түсетін кәсіпорындар болып табылады.

Қалған кәсіпорындар бірнеше категорияға бөлінеді:

В. Дүниежүзілік банк мамандарының ықпалымен және қатысуымен құрылған Оңалту банкі арқылы сауықтыруға және қайта құруға жататын кәсіпорындар.

Бұл категорияға стратегиялық мәні жоқ және республика көлемінде мейлінше

мол сомада борышкерлігі бар, дәрменсіз кәсіпорындардың бір тобы жатады. Оңалту банкісіне несие беру рөлін атқаратын Қаржы министрлігіне қарасты Оңалту банкі мемелекетке бағынады.

Қайта құру және тарату жоспарларын бекіту, кәсіпорындарға қаржылық көмек көлемін анықтау және басқа маңызды шешімдерді республиканың жетекші экономикалық ведомстволары мен тәуелсіз сарапшылардан құрылған Бақылау кеңесі қабылдайды.

Оңалту банкі бюджеттен немесе Үкімет кепілдік берген облигациялар арқылы қаржыландырылады. Оңалту банкін қаржыландыруға Дүниежүзілік банктің және басқа сыртқы көмектің заемдары пайдаланылады.

Бұл кәсіпорындар тобын қайта құрудың мүмкін түрлерінің бірі - жекешелендіру.

Г. Еуропалық Қайта құру және дамыту банкінің көмегімен құрылған Құрылымды өзгерту қоры арқылы сауықтырылатын және қайта құрылатын кәсіпорындар.

Бұл топқа акциялары Құрылымды өзгерту қорының бақылау пакетіне алмастырылып, Еуропалық Қайта құру және Дамыту банкісіне берілетін Қазақстанның өте қажетті ірі және орта кәсіпорындары жатады. Шығынға батқан кәсіпорындардың заемдарына ие банкілер Құрылымды өзгерту қорының заемдары бойынша төлем талабы құжаттарын Құрылымды өзгерту қорының қосалқы қоры үшін заемдарының қажетті төлем талабы құжаттарына алмастырып, аударады. Қазақстан Үкіметі Құрылымды өзгерту қоры үшін Еуропаның Қайта құру және Дамыту банкісінің заемдарын мемлекеттік кепілдіктермен қамтамасыз етеді.

Құрылымды өзгерту қоры кәсіпорындарды қайта құру мен жекешелендіруді Оңалту банкісінің желісімен - республиканың министрліктері мен ведомстволары мамандарының қатысуымен дайындалған кәсіпорындарды қайта құру жоспарларына баға беру арқылы жүргізеді.

Д. Коммерциялық банктердегі арнаулы бөлімшелер арқылы сауықтырылатын және қайта құрылатын кәсіпорындар.

Бұл категорияға өз есепшоттарында қозғалыссыз қарыздары бар кіші және орта кәсіпорындар жатады.

Бұл жағдайда коммерциялық банктер дәрменсіз кәсіпорындарды қайта құруға немесе жекешелендіруге, ал оларды қайта құру жарамсыз және мүмкіндіксіз болған жағдайда таратуға бастамашы болады.

Е. Кәсіпорындардың қалған бөлігі Кәсіпорындарды қаржымен оңалту жөніндегі агенттік арқылы санацияланады.

Бұл топтағы кәсіпорындарда қайта құру жоспарын жүзеге асыру үшін министрліктер мен ведомстволар мамандарының ақыл-кеңестері пайдаланылады.

Қайта құру жоспары шараларының кестесі ұсынылмаған, қанағаттандырылмаған немесе орындалмаған жағдайда кәсіпорын жекешелендірілуі немесе таратылуы м ү м к і н .

Бұл шараларды қаржыландыру мемлекеттік бюджеттен немесе ұзақ мерзімдік кредит арқылы жүргізіледі.

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК